

ҚОСЫМШАЛАР

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ККУ САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Осы ҚМГ Жалғыз акционерінің 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелерінің сақталуы / сақталмауы туралы есеп Кодекстің 6-тармағын орындау үшін дайындалған және ҚМГ-ның Кодекс қағидаттары мен ережелерін сақтауы / сақтамауы туралы ақпаратты қамтиды

2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ келесі аспектілерді ескере отырып, Кодекстің ережелері мен қағидаттарына сәйкес келді:

Кодекстің 2-бөлімі 1-тарауының 2-тармағына сәйкес «Қор ұйымдары үшін активтердің оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету ұсынылады. Холдингтік компанияда бас компания акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін. Қалған ұйымдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құру ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында құрылған ұйымдарда экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілерді және Қор тобының мүдделерін қамтамасыз етуді ескере отырып, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанына қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарау ұсынылады. Жаңа ұйымдарды құру кезінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік қолайлы ұйымдық-құқықтық нысан болып табылады. Акционерлік қоғам нысанында жаңа ұйымдарды құруға ұйымның акцияларын қор нарығында одан әрі жоспарланған сату сияқты ерекше жағдайларда жол беріледі.»

Кодекстің осы талаптары есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. 2015 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1141 қаулысымен Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, оған ҚМГ тобының 73 компаниясы енгізілді. ҚМГ тобындағы заңды тұлғаларды қысқарту жекешелендіру бағдарламалары мен дивестициялар шеңберінде жүргізіледі. 2020 жылғы 5 қарашада ҚМГ Директорлар Кеңесінің шешімімен (№13/2020 хаттама) ҚМГ компаниялар тобы активтерінің нысаналы құрылымына көшу жөніндегі жаңа іс-шаралар жоспары бекітілді. Сондай-ақ ҚМГ тобы активтерінің құрылымын, оның ішінде субхолдингтерді тарату / қайта ұйымдастыру есебінен оңайлату бойынша жұмыс жүргізілуде. 2020 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ субхолдингін ерікті түрде тарату жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды, осыған байланысты 2020 жылы ҚМГ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-дан 8 компания сатып алды. 2020 жылы ҚМГ-ның өткізілген / таратылған активтерінің саны: өткізілгені – 3 компания, таратылғаны – 2 компания, қайта ұйымдастырылғаны – 1 компания. Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі жаңа заңды тұлғаларды құру кезінде ҚМГ Кодексте ұсынылғандай, оларды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құруға артықшылық береді. 2020 жылы акционерлік қоғам нысанында заңды тұлғалар құрылған жоқ. Сонымен қатар, ҚМГ тобы активтерінің құрылымын оңтайландыру бойынша жұмыс бекітілген жоспарларға / бағдарламаларға сәйкес жалғасатын болады.

Кодекстің 2-бөлімі 1-тарауының 14-тармағына сәйкес «Қордың және ұйымдардың Директорлар Кеңестері іскерлік әдеп стандарттарының енгізілуін және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Қордың және ұйымдардың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері іскерлік әдеп кодексімен танысу туралы өтінішке қол қоюға және Кодекс туралы өз білімдерін жүйелі түрде растауға тиіс.»

Кодекстің осы талаптары 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы сақталды. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз консультантының ұсынымдарына сәйкес ҚМГ корпоративтік басқаруын диагностикалау нәтижелері бойынша жаңа редакциядағы іскерлік әдеп кодексі (2018 жылғы 29 қарашадағы №18/2018 хаттама) әзірленді және оны Директорлар Кеңесімен бекітті. Есептік кезеңде омбудсмен қызметі ҚМГ қызметкерлеріне зерделеу және практикалық қолдану үшін «іскерлік әдеп кодексінің әдеп нормалары бойынша жадынаманы» әзірледі және жіберді, сондай-ақ омбудсменнің ҚМГ қызметкерлеріне әдеп нормаларын түсіндіру бойынша үндеуімен бейнеролик шығарды. ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік әдеп кодексін білуін бағалау мақсатында адами ресурстарды басқару департаменті Омбудсмен қызметімен бірлесіп, ҚМГ қызметкерлерінің тиісті оқуын және оның нәтижелері бойынша білімін тестілеуді өткізуді ұйымдастырды. Есептік кезеңде ҚМГ 524 қызметкерін тестілеу әдісі арқылы білімдерін тексерумен оқыту жүргізілді, бұл ҚМГ қызметкерлерінің жалпы санының 85%-ін құрайды. 2021 жылы ҚМГ-ның 2020 жылы оқудан өтпеген қызметкерлерінің 15%-і үшін, сондай-ақ ҚМГ-ның жаңадан қабылданатын қызметкерлері үшін оқудан өту процесін ұйымдастыру жоспарлануда.

Кодекстің 2-бөлімі 2-тарауының 3-тармағына сәйкес «Компаниялардың Директорлар Кеңестері Компаниялардың жарғысында белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие болады.»

Кодекстің осы талаптары есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Жарғысының 4-тармағына сәйкес ҚМГ қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады; ҚМГ Жарғысының 13-тармағына сәйкес ҚМГ мақсаты – дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу; ҚМГ Жарғысының 24-тармағына сәйкес ҚМГ өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, табысты бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді. Бұл ретте, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кейбір құжаттарымен (2020ж жылғы 17 наурыздағы жаңа редакциядағы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу процентінен астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың инвестициялық қызметінің корпоративтік стандарты, (№ 09/20 хаттамасы), «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен, (№42/19 хаттама), бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының атқарушы органдары басшыларын тағайындауды келісу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары, «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын (қатысу үлестерін) «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тікелей немесе жанама иеленетін, атқарушы органдардың басшыларын тағайындауды және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен келісім бойынша компаниялардың директорлар кеңестері жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесі («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен, №56/12 хаттама, бекітілген) ҚМГ Директорлар Кеңесінің шешімдер қабылдаудағы (оның ішінде М&А мәмілелерін жасасу (бірігу және қосып алу), ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының атқарушы органдарының басшыларын тағайындау) дербестігін шектейтін рәсімдер көзделген.

Кодекстің 2-бөлімі 3-тарауының 5-тармағына сәйкес «Орнықты даму:

1. басқару жүйесіне;
2. даму стратегиясына;
3. тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды (ұзақ мерзімді (стратегия), орта мерзімді (5 жылдық даму жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді), есептілікті, тәуекелдерді басқаруды, адами ресурстарды басқаруды, инвестицияларды, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ органдардан бастап (акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер), Директорлар кеңесі, атқарушы орган) барлық деңгейлердегі және қатардағы қызметкерлермен аяқталатын шешімдер қабылдау процестеріне интеграциялануы тиіс.»

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар Кеңесінің шешімімен 2020 жылы Орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық бекітілді, ол мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесін ұйымдастыруды, орнықты даму қағидаларын негізгі процестерге интеграциялауды және мониторингті, орнықты даму бойынша жыл сайынғы есептілікті дайындауды, орнықты даму саласындағы, орнықты даму мәдениетін дамыту және қолдау, тәуекелдерді анықтау және бағалау, құжаттаманы басқару, орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу қағидаларын сипаттауды қамтиды. Сонымен қатар, орнықты дамуды түйінді процестерге интеграциялау бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 6-тармағына сәйкес «Қор мен ұйымдар қызметінің үздіксіздігін қолдау және директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту үшін Директорлар Кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарларының болуын қамтамасыз етуі қажет.»

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сый-ақылар жөніндегі комитетінің 2019 жылғы қарашадағы отырысына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар Кеңесі мүшелерінің Сабақтастық саясаты туралы (2019 жылғы 6-7 қарашадағы №6/2019 хаттама) мәселе енгізілді. Бұл ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарын қалыптастыру жөніндегі жұмыстың бірінші кезеңі болды. ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сый-ақылар жөніндегі комитетінің 2020 жылғы 12 ақпандағы №3/2020 және 2020 жылғы 31 наурыздағы №5/2020 отырыстарында «Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспары туралы» мәселе қаралды. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарын қалыптастыру кезінде Компанияның Директорлар Кеңесінің тәуелсіз бағалау нәтижелерін ескеру үшін Директорлар Кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне сыртқы бағалау жүргізу нәтижелері бойынша тиісті жұмысты 2021 жылы аяқтау жоспарлануда.

Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 12-тармағына сәйкес «Директорлар Кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын кезеңділігі жылына 8-12 отырысты құрайды.»

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. 2020 жылы 16 отырыс өткізілді. Оның ішінде:

- ◆ Директорлар Кеңесі мүшелерінің жеке қатысуымен кезекті іштей отырыстар – 1;
- ◆ бейнеконференцбайланыс арқылы ҚМГ Даму стратегиясы бойынша ақпараттық сессия – 1;
- ◆ бейнеконференцбайланыс арқылы өткізілген кезекті отырыстар – 11;
- ◆ бейнеконференцбайланыс арқылы өткізілген кезектен тыс отырыстар – 3.

Есепті жылы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жеке қатысуымен өткізілетін Директорлар Кеңесі отырыстарының санының қысқаруы коронавирустық инфекция бойынша пандемиямен байланысты.

2019 жылмен салыстырғанда Директорлар Кеңесі отырыстарының жалпы саны 18-ден 16-ға дейін, 2018 жылмен салыстырғанда – 20-дан 16-ға дейін қысқарды, бұл оң динамиканы көрсетеді.

Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 15-тармағына сәйкес «Корпоративтік хатшыға қатысты ұйымда лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де сақталмаған. 2020 жылы ҚМГ Корпоративтік хатшысы қызметі қызметкерлерінің саны едәуір қысқарып, қызметкерлердің жоспардан тыс кетуіне алып келді және осыған байланысты есепті кезеңде Корпоративтік хатшы қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде компанияның бірінші кезектегі міндеттеріне шоғырланды, ал бөлімшенің жекелеген тікелей іс-шаралары ресурстардың жеткіліксіздігі себебінен кейінге қалдырылды. Корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар Корпоративтік хатшы қызметінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізілген.

Кодекстің 2-бөлімі 6-тарауының 7-тармағына сәйкес «Директорлар Кеңесі Аудит жөніндегі Комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізуге жауапты болады».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар Кеңесінің 13.12.2016ж. шешімімен (№17/2016 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі жөніндегі саясатының 6.2.7-бөліміне сәйкес ҚМГ Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады, ҚМГ Директорлар Кеңесін ҚМГ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы хабардар етеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді. ҚМГ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына жүргізілетін мониторинг шеңберінде 2020 жылғы 21 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 22 қаңтарға дейін 2016 жылы жүргізілген ҚМГ мен еншілес және тәуелді ұйымдардың тәуекелдерін басқару процесі аудитінің нәтижелері бойынша пост-аудит жүргізілді.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелерді қабылдамады¹.

МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес мүдделілік бар мәмілелер деп танылатын мәмілелерді қабылдамады. Бұл ретте, 2020 жылдың екінші жартысында шарттары ҚМГ-нің коммерциялық құпиясын құрайтын мүдделілік бар мәміле жасалды².

¹ «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес нәтижесінде құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы ірі мәміле деп танылады

² «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес нәтижесінде қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан көп проценті сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәмілелер мүдделілік бар мәмілелер танылады